

**Инвестициялар және даму жөніндегі Қоғамдық кеңесі  
(бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

№ 11

2016 жылғы 25 қараша

**Төрағалық етті:**

Қоғамдық кеңестің төрағасы  
А.И. Андрющенко

**Қатысқандар:**

(тізім бойынша)

---

**1. Күн тәртібі туралы**

---

1. Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібі мақұлдансын:
    - 1) Қоғамдық кеңестің күн тәртібі туралы;
    - 2) Қоғамдық кеңестің құрамы туралы;
    - 3) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының 2015 жылғы қорытындысы бойынша орындалуы туралы;
    - 4) Индустриялық-инновациялық дамыту, көліктік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту бойынша комиссияларының қызметі және комиссиялардың 2016–2017 жылдарға арналған жұмыс жоспарларының жобалары туралы;
    - 5) Әртүрлі.
- Дауыс бергендер:
- Қарсы емес – 14 адам;
  - Қарсы – 0;
  - Тартынғандар – 0.

**2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму  
министрлігінің 2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық  
жоспарының 2015 жылғы қорытындысы бойынша орындалуы  
туралы**

---

1. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Стратегиялық жоспарлау департаментінің директоры Б.Т. Бекеновтің Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының

2015 жылғы қорытындысы бойынша орындалуы туралы ақпараты назарға алынсын және талқылау қорытындысы бойынша мақұлдандын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының 2015 жылғы қорытындысы бойынша орындалуы туралы мәселесін қарауға уақтылы енгізілмегенін атап өтсін.

3. Қоғамдық кеңестің хатшысы (*Б.Т. Бекенов*) Қоғамдық кеңестің жұмыс жоспары іс-шараларының уақтылы орындалуын бақылау бойынша шаралар қабылдасын.

Дауыс бергендер:

Қарсы емес – 14 адам;

Қарсы – 0;

Тартынғандар – 0.

### **3. Индустриялық-инновациялық дамыту, көліктік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту бойынша комиссияларының қызметі және комиссиялардың 2016–2017 жылдарға арналған жұмыс жоспарларының жобалары туралы**

---

1. Е.О.Әбдірахмановтың іс-сапарына және Қ.Е. Алмағамбетовтың өтініш хатына байланысты индустриялық-инновациялық дамыту, көліктік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту бойынша комиссияларының төрағаларының қызметі және комиссиялардың 2016–2017 жылдарға арналған жұмыс жоспарларының жобалары туралы тыңдаулары келесіге қалдырылсын.

Дауыс бергендер:

Қарсы емес – 14 адам;

Қарсы – 0;

Тартынғандар – 0.

### **4. Әртүрлі**

---

1. Қоғамдық кеңестің төрағасының ағымдағы жылғы қазан айында өткен «Қоғамдық кеңестер: қызмет тәжірибесі мен өзара іс-қимыл тетіктері» тақырыбындағы республикалық семинарының қорытындысы туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті (*А.А. Надырбаев*) бір апта мерзімде сапалы ауыз суының су асты қайнар көздерінің іздестіру-барлау жұмыстары жүргізілген елді мекендердің тізбесі ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің басшылары:

- Қоғамдық кеңес мүшелері мен Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасасу бойынша;

- Қоғамдық кеңес мүшелерінің салалық мәселелері бойынша жұмыс топтарының отырыстарына қатысу бойынша жәрдем көрсетсін.

4. Қоғамдық кеңес мүшесі, Заң департаментінің директоры (А.А. Алияқпаров) Қоғамдық кеңес мүшелеріне Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 2017 жылға арналған заң жобалары жұмыстарының жоспарын ұсынсын.

Дауыс бергендер:

Қарсы емес – 14 адам;

Қарсы – 0;

Тартынғандар – 0.

Қоғамдық кеңестің  
төрағасы

А. Андрющенко

Қоғамдық кеңестің  
хатшысы

Б. Бекенов